

ҒТАХР 10.09

Т.А. Ағдарбеков¹

¹Сулейман Демирел атындағы университет, Қаскелен, Қазақстан

Н.А.НАЗАРБАЕВТЫҢ МЕМЛЕКЕТТІГІМІЗДІҢ ДАМУЫНА ТІКЕЛЕЙ ЫҚПАЛ ЕТКЕН Оқиғалардың маңыздылығы ТУРАЛЫ ПІКІРЛЕРІ

Аңдатпа: Мақалада қазақ мемлекеттілігінің дамуына тікелей ықпал еткен оқиғаларға мән беріледі. Оған Түрік Қағанатының пайда болып, түрік тектес халықтарды біріктіруі, рухани ілім жүйесін үйретуші Қожа Ахмет Иассауидің рөлі, Ұлы дала құқығын талқылаушы, әрі оның нормаларын қоғам дамуының өзгеруіне сай қолданушы Майқы бидің еңбегі, XII – XIV ғасырдағы Қазақ Хандығының құрылуы, үш жүздің Ұлы билері Төле, Қазыбек, Әйтеке билердің Тәуке ханның қолдауымен қазақ халқының әдет-ғұрып құқықтық жинағы «Жеті жарғы» кодексін қабылдауы және қазақтың ұлттық рухын жасампаздықта көрсетушілер – Шоқан мен Абайдың дүниеге келуі, Шоқанның Абылай ханның ұрпағы ретінде, зоастризмді, шаманизмді мұсылмандықты зерттегендігі жатқызылады.

Мақала соңында, қазіргі кездегі егеменді мемлекетіміздің дамуына тікелей әсер ететін Н.А.Назарбаевтың 25 қаңтардағы Конституциялық реформаның маңыздылығы баяндалады.

Кілт сөздер: Экономикалық ақпарат сауда-саттық, сауда-саттық жүйесі, сауда ұйымдары, басқару элементтері, мониторинг қызметі, ағымдағы бақылау, ішкі бақылау, ішкі бақылау жүйелері, ішкі бақылау қызметі.

Н.А.Назарбаев «Тарих толқынында» атты еңбегінде қазақ мемлекеттілігінің эволюциялық даму кезеңдеріне арнайы тоқталып, ол кезеңдердегі нақтылы факторлардың мемлекеттіліктің даму кезеңіне әсер еткен маңыздылығына көңіл аударып, осы бағытта зерттеу жұмыстарын жүргізу қажеттігін атап көрсетті.

Көшпелі цивилизация (өркениет) адамзат тарихында болғандығын мойындасақ, ол өзінің ерекшелігімен көрінген Ұлы дала аталатын, жер шарының Орта Азия бөлігі. Осы аймақта елдердің этникалық құрамын түрік тектес халықтар құрады. Бұл аймақты этникалық жағына байланысты Тұран, Түркістан деп атаған. Осы кезден бастап Қазақ мемлекеттігімен бірге оның құқығы да жүйелі түрде қалыптасып дами бастады. Бұған алғы шарт ретінде мынандай үш факторларды жатқызуға болады: Біріншіден, қазақтардың мекендеген Евразиялық континенттегі жердің байтақ кеңдігі. Екіншіден,

Шығыстан Батысқа қарай дүрліге көшкен, көшпелі және жартылай көшпелі қоғамдар мен бірлестіктердің көп уақытқа созылған жолдары. Көп уақытқа созылған көш салдарынан Орта Азия саяси құрылымдарының ауысуымен ыдыраушылық барысында олардың бөлшектері өз алдына бірігіп, «Қазахия» деп аталатын «еркін» аумақты мекендеген [2]. Маңызды факторлардың біріне, сол кеңістіктегі соғыстар мен жаугершілік азайуы, бейбіт өмір қалыптасқанын және бытыраңқылық жойылып, бірігушілік идеясына көшкендігін жатқызамыз.

«Қазақ мемлекеттілігі» өте кең деңгейдегі ұғым болғандықтан кейінгі пайда болған мемлекеттіліктің алғашқы нысанын хандықтың шеңберіне сыйғызуға болмайды. Себебі, « қазақ қоғамы үнемі феодалдық бытыраңқылықта және ұлыстар мен жүздердің « Қазахияны» иелну үшін күрес жағдайында өмір сүрді. Елдің саяси бірлігі тек халық басына ауыр күн туғанда, қыйын-қыстау жылдары ғана бой көрсетіп, басқа кезеңдерде уақытша сипатта болды десек, шындықтан қиас кетпеспіз. Ал қазақ құқығы этникалық аймақтардың жалпы мәдени жетістігі болып қала берді».

Н.А.Назарбаев

«Егер мемлекет болғымыз келсе, өзіміздің мемлекеттігімізді ұзақ уақытқа меңзеп құрғымыз келсе, онда халық руханиятының бастауларын түсінгеніміз жер» деп көрсетіп, Қазахия аумағындағы руханияттың алты мың жылдық дамуына талдау жасап, мемлекеттігіміздің дамуын нақтылы кезеңдерге бөліп зерттеді.

Біздің ойымызша, ең маңызды кезеңдердің біріне Түрік Қағанатының пайда болып, жергілікті сақ тайпаларын, кейінгі кезде ғұндардың ықпалымен таратып жіберіп таратып, байтақ өлкені жәйлаған түрік тайпаларын біріктендіргенін жатқызуға болады. Қожа Ахмет Иассауи 1093 жылы туған, түрік тектес халықтардың тұңғыш сопысы ретінде Орталық Азиядағы және Қазақстандағы барлық түркі халықтарына ұлттық рухани ілім жүйесін үйретуші болды.

Қожа Ахмет Иассауидің Түркістандағы және ұстазы Арыстанбабтың Отрардағы кесенелері – Қазақтардың ұлттық руханиятының ең маңызды орталықтары, қазақ мемлекеттігінің нысаны ретінде жалпыұлттық зират- қорым (пантеон) қызметін атқаруда. Осыған орай Н.А.Назарбаев XII-XIV Ғасырлардағы оқиғалар қазақ халқының алғашқы қасыретіне айналған Шыңғысқан шабуылынан басталғанын айта келіп «Бұл жойқын күші бар сойқанды толқын еді. Қазақ халқын алғаш рет боданға айналдырған бұл толқын оның тарихи тұлғасын мылжалап, рухани бұзып, бірыңғай қазақ халқының табиғи дамуына көп-көп кедергі келтірді» деді. Бұл кезеңдегі маңызы зор оқиғаға, қазақтың әдептік- құқықтық жүйесінің қалыптасуын және оның ғасырлар үнімен әуендестігін

айтуға болады. Сонымен қатар, ол консервативтік сипатта болса, екінші жағынан, көшпелі өркениет кезінде әрдайым дамуда болғандығы сезіледі. Қазақ құқығы өз бастауын барлық қазақтардың басын біріктірген, қазақ шежіре намасының негізін қалаушы Майқы биден басталады. Соған байланысты қазақ құқығында «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би» деген даналы сөз қалған. Бұл- Ұлы дала құқығын талқылаушы, әрі оның нормаларын қоғам дамуының өзгеруіне сай қолданушы болған. Қазақ құқығының қайнар көздеріне: «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» және Тәуке ханның «Жеті жарғысы» сыйақты ережелер жинақтары жатады. Мемлекеттіміздің дамуына әсер еткен маңызды оқиғаларға қазақ халқының төрт мұратының осы кезеңде тұжырымдалғандығын жатқызамыз. Олардың үшеуіне үш жүздің мынандай жауынгерлік ұрандары жатады: Ұлы жүздікі- Бақтияр-бақыт, Орта жүздікі-Ақ жол – әділет, Кіші жүздікі-Алтын-Отана. Бұл ұрандар бітұтас барлық қазақтардың ортақ ұраны – Алаш атты ұғымға біріккен[1].

XV-XVII ғасырлардағы алғашқы қазақ хандығының құрылуы, маңызы зор оқиға ретінде, жалпыхалықтық руханияттың табиғи дамуна негізі болды. Жәнібек пен Керей 1456 жылы Шу өзенінің бойында алғаш рет, жаңа ұлыстың дербестігін жариялады. Сол аймақты саяси оқиғалардың этникалық үрдістерінің нәтижесіне жатқызуға болады. Қазақ хандығы ертедегі феодалдық мемлекеттердің қабылдаушысы және этногенетикалық әлеуметтік қатынастардағы өзгерістердің дамуының нәтижесі болды. Қазақ хандығы мемлекеттігіміздің формасы ретінде тілі, діні, салт санасы ортақ, ежелден туысқан біртектес ру-тайпаларының өз еркімен бірігуі нәтижесінде құрылған. Соған байланысты «халық рухы өзін-өзі тұнғыш рет ашық бейнелеп, қазақ деген өзінің тарихи төл атымен атадады. Бұл ханлық нығая келе, XV ғасырдың екінші жартысынан был ай қарай оған қараған халық – елдің өз ішінде де, көршілердің аузында да – түгелдей қазақ атына ие болды». XVII ғасырдың бірінші жартысындағы ерекше маңызы зор оқиғаға үш жүз жүздің ұлы билері – Төле би, Қазбек би, және Әйтеке би –Тәуке ханның «Жеті жарғыны», қабылдағандығын жатқызамыз. «Жеті жарғы» қасиетті ережелерден құралған қазақ халқының әдет-ғұрып құқығының бірінші кодексі болатын. Осы кезеңнің аяғына қарай қазақ хандығының бірнеше дербес шағын мемлекеттерге бөлініп кетуіне байланысты халықтың рухани және табиғи күштері әсіреп, халықтың даму процесін тежеп апаттың алдына алып келді. Қазақ даласына жоңғарлардың 250 жылдық шапқыншылығы басталды. 1729 жылы Аңырақай даласында, Бұланты өзені бойындағы жауға қарсы шешуші қанды шайқастағы

қазақтардың жеңісін айта келіп Н.А.Назарбаев «Біз күні бүгінге дейін оснау ұлы оқиғаның тиісті бағасын бергеніміз жоқ. Балаларымыз тұрмақ тіпті өзіміз де бұл сынды халқымыздың қаһармандық кезеңін, қазақ халқының рухы аруақтанып, аспанға көтерілген тарихи жарқын сәтін жете білмейміз» деді. ХҮІІ-ХІХ ғасырлардағы қазақ даласында болған оқиғаларды тағы бір тарихи ерекше кезеңдерге жатқызуға болады. Себебі, қазақ халқының жауынгерлік рухы өте ауыр сынға тап болды. Ол жерімізге басып кірген жоңғарлардың соғысы болатын. Қазақ халқының Ресей империясының қол астына кірген кезеңде «ұлттың рухын өзін-өзі бүлінгейлікте емес, бүтіндікте, жасампаздықта көрсету талабы ретінде екі бірдей рухани жұлдыз - Шоқан мен Абай жарак етіп көрінді». Шоқан Абылайдың тікелей ұрпағы, қазақ рухының тереңде жатқан түп тамыры –зороастризмді, шаманизмді, мұсылмандықты зерттеді. Абай өз халқының ойшылы ретінде қазақ қауымының өз заманы ұсынған талаптардан кейін қалып қойғандығының себептерін түсіндіруге жол ашты. 1917 жылдан 1920 жылдарға дейін Қазақстан ССРО атанған империяның құрамына кірді. Онда қазақ халқының дербес мемлекеттігін құруға қарсы болды. Мемлекеттік құруға талпынған азаматтардың жеке басын қуғындап, жазалаудың өзі ұлттың тең жартысына жуығын құртып жібергені белгілі. Осыған орай Н.А.Назарбаев «Адамзат тарихында бұрын болып көрмеген машина 70 жыл бойы ұлттың рухани тректерін күлталқан қылып қиратты, оның руханиятын кесіп-пішіп шұнтитті да, ортақ бір қалыпқа салып шегеледі» деді[2].

Мемлекетіміздің әрі қарай қарыштап дамуына ерекше маңызы бар кезеңге 1990 -1993 жылдарды жатқызуға болады. Себебі, Қазақстанда дербес егеменді саяси билік жүйесі қалыптастырылды және 1990 жылдың 25 қазанда «Қазақстанның мемлекеттік егемендігі туралы Декларация қабылданды және 1991 жылы бірінші желтоқсада бүкіл халықтың дауыс беру жолымен еліміздің бірінші Президенті болып Н.А.Назарбаев сайланды. Ал 1993 жылы тәуелсіз

Қазақстанның алғашқы Конституциясы қабылданды. Оның дамуы 1995 жылы бүкілхалықтық референдуммен қабылданған Конституцияның қағидаларына сәйкес, елдегі президенттік басқару нысаны заңдық негізде бекітілді. Ұлттық мемлекетіміздің әрі қарай ғарыштап дамуына ерекше әсер берген оқиғаға, осы жылғы 25 қаңтардағы Елбасының Конституциялық реформа туралы халыққа арналған Үндеуі болып табылады. Үндеуде Конституцияға кіргізілетін өзгерістерді бүкілхалықтың талқылауына ұсыну қажеттігі арнайы көрсетілген. Оның мәні, арнайы Үндеуде көрсетілгендей Қазақстандық билік тармақтары арасында өкілеттіктерді бөлу, Яғни

Президенттің 40-қа жуық өклеттігі Үкіметке және Парламентке беру мүмкіндігі туралы болды [3].

Н.А.Назарбаев өз Үндеуінде үкіметтің жаңа өклеттіктері мемлекетіміздің дамуына қажетті, жүйелі және заңды кезең екендігін айта келіп, «Үкіметті қалыптастырудағы Парламенттің рөлін күшейту, Министірлер кабинетінің депутаттық корпус алдындағы жауапкершілігін арттыру маңызды. Парламент сайлауында жеңіске жеткен партия үкіметті қалыптастыруға шешуші ықпал етеді»деді [1].

Пайдаланған әдебиттер тізімі

- 1 Назарбаев Н.А. Тарих толқынында // Н.А. Назарбаев. – Алматы, 1999. – 273 б.
- 2 Қазақтың ата заңдары [Текст]: 10-томдық. – Алматы : Жеті жарғы, 2001. – Т.1 = Древний мир права казахов / бағдарлама жетекшісі С. З. Зиманов. – 2001. – 440 б.
- 3 Қазақтың Ата заңдары. Алматы, 2001. – Б. 17-18

Т.А. Агдарбеков¹

¹*Университет имени Сулеймана Демиреля, Каскелен, Қазақстан*

ВЗГЛЯДЫ Н.А. НАЗАРБАЕВА НА НЕОБХОДИМОСТЬ РАЗВИТИЯ И УКРЕПЛЕНИЯ ГОСУДАРСТВЕННОСТИ КАЗАХСКОГО НАРОДА

Аннотация: В научной статье освещаются важнейшие факторы, влияющие на развитие и укрепление государственности нашей страны. На основе научных данных, отраженных в книге Н.А.Назарбаева «В потоке истории», учитываются географические и логические связи многих народов, которые оставляли в генной памяти современных культур и культурном коде казахского народа.

Н.А.Назарбаев, анализируя духовности народов, существовавших на территории нынешнего Казахстана, нба протяжении 6 тысячи лет, выделил конкретные этапы развития государственности и определил важнейшие факторы, непосредственно влиявшие на ее развитие.

Важнейшим фактором, непосредственно влиявшим на развитие государственности казахского народа относился Тюркский Каганат-Вечный Эль, который объединил под своим крылом сакские племена с тюркскими племенами. В статье представлен анализ вклада таких великих людей, как Аль-Фараби, который сыграл роль Платона в Центральной Азии, Ходжа Ахмет Яссауи, который разработал духовную систему для всех тюркских народов, Майкы би, который был основателем генологии казахов, Абая и Шокана Уалиханова, представлена история

возникновения казахских ханов, описана роль великих казахских биев-Толе, Казыбек, Айтеке, которые приняли сборник законодательных актов «Жети-Жаргы».

Ключевые слова: Государство, право, народ, факторы, континент.

T.A. Agdarbekov¹

¹*Suleyman Demirel university, Kaskelen, Kazakhstan*

**THE VIEWS ON SIGNIFICANT OF EVENTS IN WHICH
N.A. NAZARBAYEV MADE REMARKABLE EFFORTS IN FAVOR OF
DEVELOPMENT OF OUR COUNTRY**

Abstract: The scientific paper highlights the most important factors that influenced the development of the Kazakh people. Geographical and logical connections of many nations were taken into account on the basis of scientific data from the book of N.A. Nazarbayev “In the current of history” where. Genetic memory remained in modern culture and cultural code of the Kazakh nation.

N.A. Nazarbayev analyzed spirituality of Kazakhstan during a 6 thousand year period, and highlighted specific steps and identified the most important factors that directly influenced state development.

The most important factor that directly influenced the development of Kazakh state were Turkic Kaganat – eternal el that united the saka tribes and turkic tribes under its wing. al-Farabi played a role of platon in the central asia. khoja akhmet yassawi developed spiritual system for all Turkic nations. Maiky bi was a founder of the Kazakh khans, Tole bi, Kazybek bi and Aiteke bi adopted a collection of legislative acts “zhety-zhargy”. Roles of Abay and Shokan Ualikhanov.

The article highlights the most important factors that directly influence development of the state. “constitutional reform” proposed by the head of state to the Kazakh nation on January 25 of this year.

Key words: state, law, nation, factor, continent.

ҒТАХР 10.27

А.А. Аманқожаев¹

¹*Сулейман Демирел атындағы Университет, Қаскелең, Қазақстан*

**НЕКЕГЕ ТҰРУШЫЛАРДЫҢ НЕКЕ ЖАСЫНА БАЙЛАНЫСТЫ
ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Аңдатпа: Мақалада Қазақтан Республикасының Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодексінің оныншы бабында «Неке